

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 12 наурыздағы № 12 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 наурызда № 5250 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 16 шілдедегі № 32 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округі әкімінің 16.07.2019 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 05 ақпандағы № 01-11/7 ұсынысы негізінде, Архангельск ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Архангельск ауылдық округінің Архангельское ауылында "Карасев и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің және "Широкое" шаруашылық қожалығының аумақтарында ірі кара мал арасында бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Архангельск ауылдық
округінің әкімі*

И. Рыбакова